

Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереженің
№5 Қосымшасы

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ш. Құрманбайұлының
«8D02304-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Утегенова Асельдің «Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаят» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» тіл саясатын жүзеге асыруда ағымдағы сұраныстарға сәйкес шешімдерді қамтитын стратегия қажет. Диссертацияда тіл саясатын дамытудың бірыңғай стратегиясын айқындауға және іске асырылатын шағын жобаларды тұтас жүйеге біріктіруге мүмкіндік беретіні айтылған. Бүгінде тіл саясатының негізгі нысаны ресми және реттеліп отыратын қарым-қатынас саласындағы тілдер болып табылады және де мемлекет ұлттық-тілдік саясат арқылы тілдерді қолдап, олардың жойылып кетпеуіне жағдай жасайды. Көпұлтты және көптілді елдерде екі үрдісті жүзеге асырудың саяси-әлеуметтік қажеттіліктері бар. Оның біріншісі – елдің тілдік бірігуі мен екіншісі – әр түрлі тілдік қауымдастықтардың ұлттық тілдері мен мәдениетін сақтап қалуға ұмтылыстар жасауы. Сондықтан табысты тілдік саясат осы қарама-қарсы екі үрдісті ескере отырып, тілдердің даму үрдісіне саналы түрде қоғамның әсер етуін қамтамасыз етеді. Осы орайда табысты тіл саясатын жүргізу қалыптасқан тілдік және этнотілдік жағдаяттарды зерттеп, олардың табиғатын, ерекшеліктерін, даму үрдістерін айқындау негізінде іске асырылып отырады. Бүгінде тілдік және этнотілдік жағдаятты зерттеу және аумақтардағы әлеуметтік лингвистикалық ахуалды болжау статистикалық мәліметтерді жинақтап, талдау жасаумен шектеліп жатыр. Ал ол жерде қалыптасқан тарихи-тілдік, мәдени үрдістердің мазмұндық-құрылымдық қырын анықтауға аз көңіл бөлінеді. Тұжырымдамада көрсетілген шағын жобаларды тұтас жүйеге біріктіру мүмкіндігі жергілікті тілдік және этнотілдік жағдаяттарды зерттеу арқылы, олардың ерекшеліктерін айқындау арқылы іске асатындығын атап өткен жөн.

		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Осы орайда ұсынылып отырған «Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаят» тақырыбындағы ізденіс «Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған тіл саясатын іске асыру бойынша мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілген мақсат-міндеттерге де сәйкес орындалған.</p> <p>Диссертация көрсетілген бағдарламалардың аясында арнайы орындалмаған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Дайындалған диссертацияның мақсаты Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі қазіргі тілдік және этнотілдік жағдаятты сипаттау, ерекшеліктерін айқындап, тілдік және этнотілдік үдерістердің тепе-тең жүргізілуіне бағытталған ғылыми-практикалық ұсыныстар жасау деп белгіленген. Мақсатқа сай міндеттер айқындалып сәйкес тұжырымдар шығарылған. Тілдік жағдаят әлеуметтік лингвистиканың негізгі мәселесі ретінде көпқырлылық сипатқа ие, оның компоненттерін белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірліктегі қолданыстағы тілдер және олардың әлеуметтік салаларда қолданылуының иерархиялық орналасуы, көстілділік пен көптілділік, транслингвизм құраса, этнотілдік жағдаяттың компоненттерін әкімшілік-аумақтық қауымдастықта немесе өңірде орналасқан этностардың саны мен

			олардың қолданысындағы ана тілдері және этнотілдік жағдаяттың жіктеуінің негізгі көрсеткіштері – өңірдегі этнотілдік әртүрліліктен бастап этносішілік бірігу өлшемдері құрайтыны жөнінде тұжырым шығарылған. Сондай-ақ диссертант отандық әлеуметтік лингвистикада алғаш рет сандық және сапалық талдау әдістерінің көмегімен Қазақстан Республикасының батыс өңірінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қолдану және олардың бір-біріне өзара әсер ету салаларын ғылыми негізде зерттеген. Қазақстанның батыс өңіріндегі қазіргі тілдік жағдаят теориялық тұрғыдан сарапталып, қолданбалы талдау жасалған. Отандық лингвистикада алғаш рет тілдік және этнотілдік жағдаяттың көрінісі ретіндегі транслингвалды және транскрипталды тәжірибелерге талдау жүргізілген. Жоғарыда аталғандар жұмыстың өзектілігін, маңыздылығын көрсетеді және зерттеу нәтижелері әлеуметтік лингвистика бағытындағы зерттеулердің теориялық-әдістемелік негіздерін толықтыруға, дамытуға елеулі үлес қосады . Диссертациялық жұмыстан алынған нәтижелерде анықталған ғылыми қорытындылар Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі тілдік жағдаятты реттеу мәселелерінде аса маңызды деп есептейміз. Осы ретте диссертацияға қойылатын талаптар деңгейіндегі ғылыми нәтижелер толыққанды алынған, практикалық тұрғыдан қажетті ғылыми әдістерді қолдану арқылы дәлелденген. Зерттеудің жетекші идеясы мен болжамы диссертацияда толық дәлелденген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертант жұмысты толығымен өзі игеріп, жоғары деңгейде жазып шыққан, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Өзі жазу деңгейінің жоғарылығы тілдік, статистикалық материалдарға, студенттердің спонтанды ауызекі сөйлеулеріндегі транслингвалды тәжірибелерге, Қазақстанның батыс өңірі қалалары эпиграфикасының сипаттамасындағы транскрипталды тәжірибелерге жасаған талдауларынан көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілік негіздемесі Қазақстанның ірі және маңызды бөлігі болып табылатын батыс өңірінің тілдік және этнотілдік жағдаятының әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан зерделенуі өңірдегі этносаралық қарым-қатынастың шынайы көрінісін танытып, тілдердің өзара қарым-қатынасына ғылыми тұрғыдан баға беруге, мемлекеттік тілдің қызметтік беделін тек қана статистикалық тұрғыдан емес, сондай-ақ тұрғындардың шынайы қолданысына сүйене отырып, жалпы әлеуметтік-саяси ахуалды

			<p>тануға мүмкіндік ретінде айқындалып негізделген. Сонымен қатар бұл мәселе белгілі бір өңірдің барлық әлеуметтік-экономикалық жағдайымен, этнодемографиялық құрылымдарымен тікелей байланыста сол өңірдегі этностардың тілдік өмірін, тілдердің әлеуметтік қолданыс рангтерін, өңірдегі көптілділік пен көптілділік түрлерін, тұрғындардың тілдік құзыреттіліктерін анықтауды көздейтіні, тілдердің қоғамдық қызметін айқындап, этносаралық қарым-қатынастардың өрбу сипатын танып, нәзік келетін тілдік саясатты әрбір этностың тілдік қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, конструктивті, сауатты, әрбір ұлттың тілдік құқығын қорғай отырып, ешқандай дауға апармай, бейбіт жүзеге асыруға арқау болатындығы негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны тақырыпқа сай және оны толықтай айқындайды. Зерттеу жұмысында қойылған мақсат-міндеттерге байланысты материалдар үш бөлімге бөлініп берілген. Бірінші бөлімде тілдік, этнотілдік жағдаяттарға сипаттама беріліп, екі терминнің анықтайтын межелері айқындалған. Типологиясы мен жіктеуі жасалған. Тілдің өміршең болуы үшін қажетті орта – әлеуметтік салалар екендігін айқындайды, сонымен қатар көптілділік, көптілділік мәселесін қарастыра отырып, батыс өңірде (жалпы Қазақстан аумағына) одан да өзге транслингвизм құбылысының келгенін тілдік жағдаяттағы жаңашылдық деп дәлелдейді. Тілдік ландшафтың зерттеу нысанына айналатын уақыты келгендігіне назар аударады.</p> <p>Екінші бөлім де диссертация тақырыбының мазмұнына сәйкес жазылған. Батыс өңірдегі тілдердің қолданысы мен этностардың орналасу сипаты арқылы жалпы Қазақстанның тілдік жағдаятынан өзгешелігі бар екенін айқындаған. Өңірдегі этнос түрлеріне талдау жасай келе, бәріне ортақ тіл қазақ және орыс тілі екендігін, соңғы жылдары ағылшын тіліне де қызығушылық танытып жатқанын айтады. Бұл қазіргі тілдік ахуалдан, тілдік жағдаяттан хабар беретінін көрсеткен. Тілдік жағдаятты зерттеу барысында қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің бекіп, өңір тұрғындарының да қазақ тілін меңгеру деңгейінің өскені байқалғанын жазған. Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстарындағы өзге ұлт өкілдерінің 42%-ы қазақ тілін әртүрлі деңгейде меңгергендерін көрсеткен. Батыс өңір қалаларының энигرافикасына назар аудара отырып, оның аталған өңірдің тілдік жағдаятынан хабар беретінін көрсеткен. Өңірдің тілдік ландшафтында ағылшын тілінің жиі қолданылатындығы анықтаған. Сапалық талдаудың нәтижесінде қалалық коммерциялық нысандардағы біртүрлі және көптілді</p>

		<p>атаулардағы тілдердің қызметтерін анықтаған. Қалалық коммерциялық нысан атаулары мәтіндерінде жаңа мағыналарды құруға ықпал ететін және тұтынушының назарын аудару құралы қызметін атқаратын көптілді маңдайшалардағы гибридтенудің динамикалық және шығармашыл формаларын көрсеткен.</p> <p>Үшінші бөлім де диссертация тақырыбының мазмұнын аша алады. Студенттер арасында әлеуметтік лингвистикалық сауалнама жүргізу арқылы батыс өңірдегі көптілді білім беру саласында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қолданылу ерекшеліктері зерделенген. Студенттердің ағылшын тілінің болашағы туралы білгенмен, әлі де болса толық игермегендігін көрсеткен. Дегенмен, кодтардың алмасуы мен араласуы қазақ тілінің тілдік бірліктеріне орыс және ағылшын тілдерінің морфемаларын жалғау арқылы немесе керісінше орыс және ағылшын тілдеріндегі сөздерге қазақ тілінің қосымша морфемаларының жалғануы арқылы гибридтенген тілдік тұлғалар пайда болып, ауызекі сөйлеуде тұрақтанып келе жатқандығын көрсеткен. Батыс өңірдің тілдік жағдаятын жақсартуға бірнеше ғылыми-практикалық ұсыныстар жасаған.</p> <p>Қорытындылай келгенде, диссертация мәтіні тақырыптың мазмұнын толық аша алады.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері зерттеу жұмысының тақырыбына сай келеді. Жұмыстың мақсаты қазіргі тілдік және этнотілдік жағдаяттың Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі жай-күйін сипаттау, өзге өңірлерден ерекшеліктерін айқындап, тілдік және этнотілдік үдерістердің тепе-тең жүргізілуіне бағытталған ғылыми-практикалық ұсыныстар жасау деп белгіленген. Мақсатқа сай батыс өңірдің тілдік және этнотілдік жағдаяттардың типологиясы мен жіктеулерін жасаған, тілдің өміршең болуының басты себебі әлеуметтік нысандарда қолданылуы екендігін көрсете келіп, осы кезде ғана оның коммуникативтік қуатының жоғары болатынын, мемлекеттік мәртебесі мен әлеуметтік беделінің жоғары болатынын дәлелдеген,</p> <p>Қазақстан Республикасы көптілділік жағдайынан үштілділік сипатқа көшіп бара жатқан тілдік жағдаятын этнотілдік жағдаят негізінде сипаттап көрсеткен. Этностардың әртүрлілігіне қарамастан қазақ, орыс және ағылшын тілдері қолданыста екендігін көрсеткен. Үш тіл иелерінен өзге этностар, атап айтар болсақ, беларусе, неміс, болгар т.б. халықтар өз тілдеріне қарағанда,</p>

		<p>негізінен, жоғарыда аталған үш тілмен коммуникацияға түсетінін айқындаған. Бұл өз кезегінде этнотілдік жағдаяттың сипатын байқататынын дәлелдеген. Бұған қоса қала эпиграфикаларындағы үш тілге қатысты атаулар, жазбалар тілдік жағдаяттың бейнесі екендігіне толық талдау жасаған. Луызекі сөйлеу кезінде кодтардың алмасуы мен араласуы гибрид тілдік бірліктерді қалыптастырғанына талдау жасап, болашақтағы тілдің грамматикалық өзгерісіне алып келетініне баға берген.</p> <p>Көптілділікке (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) әлеуметтік лингвистикалық талдау жасап, оның қазіргі жай-күйінің құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктерін айқындай отырып, болашағы туралы тұжырымдар жасау және Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаяттың ерекшеліктерін ескере отырып, оларды реттеуге арналған ғылыми-практикалық ұсыныстар жасайды.</p> <p>Аталмыш міндеттер диссертацияда толыққанды шешілген және мақсат орындалған. Оны диссертанттың зерттеу жұмысын жүргізу барысынан және оларды жазбаша ресімдеуінен айқын көруге болады.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Дайындалған диссертациядағы теориялық тұжырымдар, алынған ғылыми нәтижелер ішкі тұтастығымен және өзара бірін-бірі толықтыруымен сипатталады. Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген. Сондай-ақ жалпы қорытындылар мен практикалық ұсыныстар да салмақты болып табылады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Қорғауға ұсынылып отырған диссертацияда қағидаттар мен әдістер, шешімдер ізденуші тарапынан сыни талданған, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылған. Қазақстанның батыс өңіріндегі диссертант тарапынан көрсетілген этнотілдік жағдаят жіктеуін Н.Б. Вахтин және Е.В. Головкиның жіктеулері сандық, сапалық және бағалау негізінде жіктелетіндігін анықтаған (37-бет).</p> <p>Этнотілдік жағдаятты сипаттаудағы факторлардың рөлін анықтау мәселелеріне арналған арнайы ғылыми зерттеулерді, отандық, жақын және алыс шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін (В.А. Виноградов, А.И. Коваль, В.Я. Порхомовский, отандық ғалымдар У. Цзюань мен Ш.Т.</p>

			<p>Мұхамеджанова жүргізген Нұр-Сұлтан (қазіргі Астана) қаласының тілдік ландшафты бойынша зерттеуін) сыни талдаған және де өз бетінше шешімдер мен тұжырымдар шығара білген (36-37, 49 беттер).</p> <p>Жаһандану үдерісінің, көптілді білім беру үдерісінің көптілділік, көптілділіктен де басқа «транслингвизм» құбылысын әкелгенін айқындауы, ол құбылыстың тілдік жағдаяттың бір компонентіне айналуы мүмкін екендігін мысалдармен дәлелдеуі, сондай-ақ тілдік жағдаяттың тағы бір компоненті ретінде қалалардағы тілдердің араласуына әсер етіп жатқан кәсіпкерлік нысан атауларының «тілдік ландшафт» тұрғысынан зерттеліп, салдарын көрсетуі, өңірде беларус-қазақ тілдік сөйлеу жүйесінің жоқ екені, есесіне, орыс-қазақ сөйлеу тілі бар екенін көрсетуі қоғамдағы тілдік жағдаят сипаттамасын көрсететіндігін сыни тұрғыдан дәлелдеген (42, 46-47, 82 беттер).</p> <p>Сонымен қатар ЖОО үдерісіндегі көптілді білім беруге өңірдегі тілдік жағдаят та әсер етіп, сол жағдаятқа сәйкес, көптілді білім беру бағытын да көрсеткен. Батыс өңірдегі тілдік және этнотілдік жағдаяттарды зерделей келе, диссертанттың жасаған ұсыныстары өңірдің болашақ тілдік жағдаятының дұрыс дамуына, тілдік саясатының дұрыс құрылуына көмектеседі деп айтуға болады.</p>
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысы бойынша алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың жаңалығы қазіргі әлеуметтік лингвистика мен өңірлік тілдік жағдаятты зерттеу саласын теориялық және практикалық тұрғыдан толықтырады. Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаятты зерттеу алғаш рет орындалып отырғандықтан, толығымен жаңа болып саналады. Қазақ тілінің және орыс, ағылшын тілдерінің әлеуметтік салалардағы қолданысын зерттеп, мемлекеттік тілге тигізетін әсерін және нәтижесінің салдарын көрсетуі де толығымен жаңа зерттеу болып табылады. Ал батыс өңір қалаларының эпиграфикасын тлдай отырып, олардың визуалды көрінісінің санаға жатталатынына тоқталғаны, латын графикасымен көбірек берілуінің тілдік саясат үшін оң нәтиже беретінін талдауы да толығымен жаңа деуге негіз бар. Батыс өңірдегі ЖОО-да көптілді білім беру деп аталып жүрген білім беру жүйесінде білім алып жатқан студенттер арасында әлеуметтік-лингвистикалық талдау жасайды. Сауалнама, сұхбаттар арқылы студенттердің және өзге де қоғам мүшелерінің тұрмыстық қарым-қатынасына әлеуметтік-лингвистикалық талдау жасап, тілдік жағдаятты</p>

			<p>айқындаған.</p> <p>Нәтижесінде өзіндік бағалау жасап, Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаятты реттеуге ариалған ғылыми-практикалық ұсыныстар жасаған. Жасаған ұсыныстары толығымен жаңа, маңызды, әлеуметтік-лингвистикалық мәселені шешуге толығымен әлеуеті жетеді.</p>
	<p>5.2</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ізденуші тарапынан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысы барысында теориялық және практикалық маңызы бар нәтижелер алынған, зерттеу жұмысы бойынша қорытынды жасалған. Ол қорытындылардың жаңалық деңгейі төмендегідей:</p> <p>Бірінші қорытынды жаңа болып табылады. Қазақстан Республикасының батыс өңірінің тілдік жағдаяты қазақ және орыс тілінің басым қолданылуымен сипатталатындығы, транслингвизмнің пайда болатын ортасы – көптілділік екенін дәлелдеген.</p> <p>Екінші қорытынды жаңа болып табылады. Қазақстанның батыс өңірінің тілдік жағдаятты көпкомпонентті, теңгерілмеген, экзоглысты, көпполості, гетерогендік, әлеуметтік салаларда кеңінен қолданылатын екі басым тілі бар тілдік жағдаят екендігін дәлелдеген.</p> <p>Үшінші қорытынды жаңа болып табылады. Қазақстанның батыс өңірінің этнотілдік жағдаяты көпэтносты болып келетіндігін, отбасында өздерінің этнос тілін сирек қолданатынын, жалпы қоғамдық ортада қазақ тілінің батыс өңірдің тілдік жағдаятында әлеуметтік қызметінің артып, тұрғындар тарапынан кең қолданыста екенін анықтаған. Өңірдегі негізгі әлеуметтік салаларда, негізінен, қазақ және орыс тілдері қолданылып, қызмет етеді, сонымен қатар мемлекеттік тілдің, әсіресе, білім беру, әкімшілік-аумақтық басқару, тұрмыстық және кәсіби қарым-қатынас салаларында артықшылықтарының айтарлықтай өсуі байқалатынын айқындаған.</p> <p>Төртінші қорытынды жаңа болып табылады. Батыс өңірдегі қазақ тілі басымдық танытқанмен, қазақ-орыс-ағылшын тілі үштілділігінің пайда болып жатқанын айқындаған.</p> <p>Бесінші қорытынды жаңа болып табылады. Қала эргонимдеріндегі қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қолданысын салыстыруда үш тілдегі элементтер де кездесетіндігін, оның ішінде басымдық латын графикасымен жазылған қазақ, орыс, ағылшын сөздері араласа келетінін айқындап көрсеткен. Бұл өңірдің тілдік саясатқа – латын графикасына болашақта көшу саясатына дайындық екенін, латын графикасын деген ұмтылысты сездіретіндігін</p>

		<p>көрсеткен.</p> <p>Алтыншы қорытынды жаңа болып табылады. Қазақстандағы көптілділік саясаты әлі тұрақтанбағанын, ол туралы көзқарастардың әртүрлілігін сипаттай келе, көптілділіктің үстемдігін көрсетеді, бұған қоса тілдік жағдаятта қазақ-орыс көптілдігінен, қазақ-ағылшын көптілдігіне қарай бағытталудың бар екенін айтады, дегенмен, ағылшын тілінің әлі де болса, рөлінің төмендігін тілге тиек етеді. Алайда оның көптілді білім беру саласында, студенттердің тұрмыстық қарым-қатынасында және өңірдің қалалық кеңістігінде кеңінен қолданылуы ағылшын тілінің тек шет тілі ретінде қабылданып қана қоймай, Қазақстанның батыс өңірі тұрғындарының тілдік қолданысының бір бөлігіне айналуына алып келетіні туралы болжам айтқан.</p> <p>Жетінші қорытынды жаңа болып табылады. Әлемдік жаһандану тілдердің араласып, код алмастыруы нәтижесінде орыс тіліндегі түбір сөздерге қазақ аффикстерін, ағылшын тіліндегі түбір сөздерге қазақ аффикстерін, қазақ тіліндегі түбір сөздерге орыс жұрнақтары мен қосымшаларын тіркестіретін гибрид (аралас) сөздер жасап жатқанын дәлелдеген. Бұндай гибридтенген тілдік бірліктердің қазақ тілі үшін пайдасы мен дұрыс грамматикаланбаған тілдік бірліктердің қауіпін де дәлелдеген, көрсеткен.</p> <p>Жетінші қорытынды жаңа болып табылады. Екі тарау және үшінші тараудың 1, 2 тараушалары нәтижесінде алынған сандық және сапалық деректер негізінде Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаятты реттеу бойынша: бүгінгі күнгі тілдік жағдаяттың компонентін құрап отырған көптілді білім беру мен тілдік ландшафт саласындағы тілдік және этнотілдік жағдаятты реттеуге қатысты іс-шаралардың тиімді және ұтымды нұсқаларын жасау және батыс өңірдің әлеуметтік-экономикалық, географиялық жағдайын ескере отырып, әлеуметтік лингвистикалық база құру қажеттігін дәлелдеп көрсетеді.</p>	<p>Зерттеу мәселесі әлеуметтік-лингвистикалық бағытта қарастырылған және басқару шешімдері толығымен жаңа деп айтуға болады. Ізденушінің еліміздің батыс аймағындағы тілдік ахуалды зерттеуі басқару шешімдерінің жаңаша құрылуына негіз болады. Мемлекеттік тіл мен орыс, ағылшын тілдерінің батыс өңірдегі қолданысын күнделікті коммуникациядағы және эпиграфикалық лингвистикадағы сипатымен салыстыра отырып зерттеуі саяси және экономикалық тұрғыдан жаңа деп танымыз. Сонымен қатар ойды</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	жеткізу мен қабылдауда қолданылған стратегия мен тактикалар өңірдің тілдік жағдаятынан хабар беріп, тілдік саясатқа негізделген. Тілдік жағдаятты зерттеу барысында қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің бекіп, өңір тұрғындарының да қазақ тілін меңгеру деңгейінің өскенін эмпирикалық әдіспен зерттеген. Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстарындағы өзге ұлт өкілдерінің 42%-ы қазақ тілін әртүрлі деңгейде меңгергендерін статистикалық тәсіл арқылы көрсеткен. Қалалық коммерциялық нысан атаулары мәтіндерінде жаңа мағыналарды құруға ықпал ететін және тұтынушының назарын аудару құралы қызметін атқаратын көптілді маңдайшалардағы гибридтенудің динамикалық және шығармашыл формаларын көрсеткен. Осылайша Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаят алғаш рет зерттеліп, еліміздің тілдік саясатын дамытуға үлес қосады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Қорытындылар ғылыми тұрғыдан тілдік, әлеуметтік фактілермен негізделген. Теориялық тұжырымдар зерттеу бағытына сай ғылыми әдебиеттердің талдануы негізінде жасалған. Сонымен қатар диссертант өз тарапынан жасалған тұжырымдары мен қорытындыларын ғылыми интегративтік тұрғыдан дәлелдеуге тырысқан, яғни тарихи, мәдени, педагогикалық және филологиялық ғылымдарды үйлесімді ұштастыра отырып, зерттеудің өзегі мен түпкі мақсатын анықтайтын қорытындыларын ауқымды дәлелдемелермен негіздеген. Қорғауға ұсынылып отырған диссертация бойынша терең және сапалы зерттеу жүргізілген деуге болады. Өйткені ізденуші теориялық материалдарды толыққанды талдаған, тұжырымдар жасаған және де практикалық материалдарды дұрыс және мақсатқа сай сынап білген. Ізденуші зерттеудің мақсатының орындалуы мен міндеттерінің шешілуі үшін тілдік және этнотілдік жағдаяттардың әлеуметтік лингвистикалық құбылыс ретіндегі типологиясы мен жіктелуінің көпқырлылығын қазіргі кездегі теориялық тұжырымдарға сүйене отырып айқындаған, тілдің өміршеңдігін әлеуметтік салаларда жиі қолданылуымен мықталатынын дәлелдеген. Батыс өңірдегі қалалардың эпиграфикасы Қазақстандағы үштілділік сипатынан хабар береді, сондай-ақ ағылшын тілінің қоғамымызға дендеп енуіне септігін тигізіп жатқандығын дәлелдеп келтіреді. Тілдік жағдаятты ескере отырып, батыс тұрғындары арасындағы қазақ, орыс, ағылшын тілдері қолданыстарының динамикасы қарастырылып, нәтижесінде ауызекі сөйлеу тіліндегі кодтардың араласуы мен алмасуы

			<p>үдерісінің ерекшеліктеріне әлеуметтік лингвистикалық талдау жасап, баға берген. Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаяттын ерекшеліктерін ескере отырып, оларды реттеуге арналған тілдік жоспарлау мәселелерін шешуде өңірлік ерекшелікті есепке алу; Қазақстанның батыс өңіріндегі ірі жоғары оқу орындары базасында ағымдағы тілдік және этнотілдік жағдаяттарға, сондай-ақ өңірдегі тілдік үдерістердің даму барысына мониторинг жүргізетін әлеуметтік лингвистикалық зерттеу орталықтарын құру қажет және жергілікті әкімдік тарапынан қаржылық қолдау көрсету; тілдік жоспарлауды өңірлік әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің нәтижелеріне, сондай-ақ статистикалық мәліметтер мен өңірдегі халық санағының материалдарына негіздей отырып, іске асыру керек және өңірлердегі тілдерді қолдану мен дамыту мәселелерін Қазақстан Республикасының тіл саясатының негізгі нысандарына айналдыру сияқты ғылыми-практикалық ұсыныстар жасау арқылы қорытындылайды.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Алынған төрт міндеттен туындаған қағидалар толығымен дәлелденген, әрқайсысы бойынша нәтижелер айқын көрсетілген.</p> <p>Бірінші қағидағ бойынша әлеуметтік лингвистикалық құбылыс – тілдік және этнотілдік жағдаяттардың көпқырлылығы заманауи теориялық тұжырымдарға сүйене отырып типологиясы мен жіктелу кезінде ашылды және тілдердің әлеуметтік салаларда қолданылуы оның өміршеңдігін және әлеуметтік беделін, коммуникативтік қуатын мықтай түсетінін дәлелденген;</p> <p>Екінші қағидағ бойынша еліміздің батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаяттың өзге өңірдегі жағдаяттардан ерекшелігін көрсетіп, көптілділікке қарағанда әлі де болса, көптілділік басымдық танытуда екендігі, қазақ және орыс тілдерінің кеңінен қолданылуы, ал ағылшын тілінің қолданысы тек эпиграфикалық сипатта екені дәлелденген.</p> <p>Үшінші қағидағта батыс аймағындағы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қолданысы кезіндегі кодтардың алмасуы мен араласуы анықталып, тілдік деректермен дәлелденген, баға берілген.</p> <p>Төртінші қағидағта Қазақстанның батыс өңіріндегі ЖОО-дарындағы көптілділік ұғымына талдау жасайды, қазақ және орыс, ағылшын тілдерінің қолданыс аясын әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан зерделеп, қайта қарауды және көптілді білім беру саласын жүйелеуді, сонымен қатар батыс өңірдегі тілдік жағдаятты жақсартуға алып келетін бірнеше ғылыми-практикалық ұсыныстарды келтіреді және маңыздылығын дәлелдеп береді.</p>

			<p><i>Қағидаттар тривиалды емес.</i> Өйткені жұмыстағы қарастырылып отырған мәселе алғашқы рет арнайы ғылыми мәселе ретінде қарастырылған. Қорғауға ұсынылған мәселе міндеттердің шешімі ретінде болғандықтан, әрқайсысына теориялық және тәжірибелік жаңалықтар алынып ұсынылған.</p> <p>Қолдану деңгейі кең:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) аралды әлеуметтік лингвистиканың түйткілді мәселелерін шешуде қолдануға болады; 2) «Аралды әлеуметтік лингвистика» пәнін енгізіп, аймақтағы тілдік, этнотілдік мәселелер туралы білім алуда қолдануға болады; 3) диссертанттың ұсынған монографиясын енгізілген пәннің теориялық мәселелерін толықтыру үшін пайдалануға болады; 4) берілген ғылыми-практикалық ұсыныстарды мемлекеттік тілді дамыту бағдарламаларын жазуда пайдалануға болады. <p>Қағидаттар әлеуметтік лингвистика саласында кең қолданысқа ие деген тұжырымдамыз.</p> <p>Диссертациядағы қағидаттар ізденушінің мақалаларында көрініс тапқан және дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	<p>Зерттеу жұмысының әдістемесі тақырып пен жұмыстың мақсат-міндеттеріне сай таңдалған: талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, жіктеу секілді теорияны айқындайтын әдістер; сауалнама, сұхбат, бақылау, тілдік ландшафт әдісі сияқты арнайы әлеуметтік лингвистикалық әдістер; деректерді математикалық және статистикалық өңдеу сияқты лингвистикалық сипаттау әдістері қолданылған (10, 54-55, 90, 96, 114-115, 137-138-беттер).</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу барысында Қазақстанның батыс өңірінде оқитын көптілді білім беру топтарының студенттері арасында 2022-2023 жылдар аралығында «Google form» бағдарламасын пайдалана отырып, онлайн форматта әлеуметтік лингвистикалық сауалнама жүргізген. Сауалнама туралы мәлімет диссертацияның В қосымшасында берілген. Сауалнама деректері «IBM SPSS Statistics 23» бағдарламасы арқылы талданған. Сонымен қатар батыс өңір қалаларының эргонимдері туралы 2ГИС (https://2gis.kz/) онлайн базасынан алынған ресми ақпарат қолданылған.</p>

		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Ізденуші тарапынан жасалған теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар ғылыми зерттеулермен және эмпирикалық зерттеулермен толық дәлелденген және расталған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тілдік жағдаят пен этнотілдік жағдаяттың аражігі ажыратылып, терминдерге анықтама берілген. Типологиялық жіктеуде ғылымда бар теорияларға сүйенген. - көптілділікпен көптілділіктен де өзге зерттеу барысында транслингвизм құбылысының пайда болғандығын айқындаған. Ендігі кезекте транслингвизм құбылысын теориялық тұрғыдан зерттеу қажеттігін көрсеткен. - эргонимдердің жасалу жолдарына теориялық, практикалық және когнитивтік талдау жасап, болашақ графикалық дамудың бағыт-бағдарын көрсеткен. - батыс өңірдегі тілдердің әлеуметтік салаларда қолданылуына сандық, сапалық талдау жасап, тіл өміршеңдігіне көбірек коммуникацияда қолданылған тіл жататындығын көрсеткен. - эмпирикалық зерттеу арқылы жоғары оқу орындарындағы көптілді білім беру жүйесі туралы студенттердің ұғым-түсініктерін сауалнама арқылы айқындап, бұл салаға жаңаша реформа керектігін айқындаған. - батыс өңірдің тілдік және этнотілдік жағдаятын реттеу үшін өңірдегі этностардың орналасу жағдайына, санына, коммуникативті қолданысындағы тіліне байланысты; онлайн сөздіктер, тезуарустардың автоматтандырылған жүйесін жасау; өңір туралы мәліметтерді интернет ресурстарына орналастыру сияқты тілдік жағдаятты жақсартуға бағытталған ғылыми-практикалық ұсыныстар берген. - барлық алынған нәтижелер өңделген, интерпретацияланған, ресімделген және түрлі кестелер, диаграммалар арқылы нәтижелер динамикасы көрсетілген.
		<p>8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертацияда көптеген осы зерттеуге дейін жазылған әлемдік және отандық ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған, ғылыми мәліметтер сарапталған, сілтемелер жасалған және де өңірлік тілдік деректерге, тарихи зерттеулердегі дәлелденген материалдарға негізделгендігі алынған материалдардың нанымды, сенімді екендігін толық дәлелдейді.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациядағы пайдаланылған әдебиеттер саны жеткілікті (194). Барлық әдебиет диссертация мәтнінде көрініс тапқан, сілтемелері берілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок	Диссертациялық зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар өңірдегі тілдік жағдаятты, көптілділікті және тілдердің өзара әрекеттесуі мәселелерін қарастыруда маңызды болып табылады, сондай-ақ әлеуметтік лингвистиканың одан әрі дамуына үлес қосады, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілді дамытуға арналған бағдарламаларын жетілдіруге өз үлесін қосады (10, 31, 38-39, 50, 83, 95-96, 112-113, 137, 145-146, 152, 153-155 беттер).
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок	Жүргізілген зерттеудің нәтижелері «Тіл біліміне кіріспе», «Жалпы тіл білімі», «Әлеуметтік лингвистика», «Психолінгвистика» пәндерін оқытуда қолдануға болады. «Ареалды әлеуметтік лингвистика» жаңа пәнін енгізуге болады. Зерттеу барысында жасалған ғылыми-практикалық ұсыныстар Қазақстан Республикасында тіл саясатын жүзеге асыруда тірек құрал бола алады. Сонымен қатар жазып алынған Қазақстанның батыс өңірі студент жастарының қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қолдануына байланысты 496 фрагментті қамтитын, ұзақтығы 125 минутқа созылатын спонтанды ауызекі сөйлеу тілінің аудиожазба материалдарын тілдік дерек ретінде пайдалануға әбден болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстары жаңа және бұдан бұрын ешқандай жерде көрініс таппаған. Соның ішінде: мемлекеттік тілді дамыту бағдарламаларында батыс өңірдің ерекшелігі ескерілу керектігі; батыс өңірдің ЖОО-да әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу жүргізетін ғылыми орталық ашу керектігі; Мемлекеттік тілді оқыту бойынша интерактивті онлайн-платформалар әзірлеу. Ол платформаларда өңір бойынша өмірдің барлық салаларындағы мәліметтер географиялық орналасуынан бастап тілдегі говорлық ерекшеліктерді қамтыған, бейімделген оқу-танымдық материалдар орналастыру қажеттігі; Интернеттің қазақша сегментін мемлекеттік тілдегі көркем (өңірдегі фольклорлық шығармалардан бастап, қазіргі әдеби шығармаларды орналастыру) және ғылыми (техникалық) әдебиеттермен толықтыру және міндетті түрде өңірлік ерекшеліктерді ескеру қажеттігі туралы ұсыныстары толығымен жаңа болып саналады.
10.	Жазу және	Академиялық жазу сапасы:	А. Утегенова дайындаған диссертациядағы теориялық тұжырымдар, алынған

	ресімдеу сапасы	1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	ғылыми нәтижелер ішкі тұтастығымен және өзара бірін бірі толықтыруымен сипатталады. Диссертациялық жұмыстың жаңалығы шынайы. Негізделген ғылыми тұжырымдардың негізделуіндегі ғылыми этикаға сай болуы, қорытындының деңгейлері жоғары және практикалық мәні маңызды болуы жоғары деңгейде. Әрбір бөлім бойынша жасалған тұжырымдар дәлелді және келесі бөлімде өз жалғасын тауып дамытылып отырады. Сондай-ақ жалпы қорытындылар мен практикалық ұсыныстар өңірдегі тілдік жағдаяттың стратегиясын шешуге ұмтылады. Аталған жетістіктер дайындалған диссертацияның академиялық тұрғыдан жазылу сапасының жоғары екендігін көрсетеді.
--	-----------------	--	---

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Утегенова Асельдін 8D02304 – «Филология» мамандығы бойынша «Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаят» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберілісін деп есептеймін.

Рецензент:

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығының жетекшісі

14.05.2024



Handwritten signature of Nemat Kelimbetov

